



**БЕКІТІЛДІ.**  
**«Қорқыт Ата атындағы**  
**Қызылорда Университеті» КЕАҚ**  
**Басқарма төрағасы-Ректорының**  
**№ 127 «17» 03 2021ж бұйрығы**

Қазақстан Республикасының Өділет Министрлігі

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
 ТІРКЕУДЕН

2021 ж. «12» 11 өткізілді

БИН № 211140015874

Куәлік

**«Korkyt Ata Endowment» Корпоративтік Қорының**

**ЖАРҒЫСЫ**

Қызылорда облысының  
 Өділет департаменті

Жарғы (ереже) **ТЕКСЕРІЛДІ**

**Қызылорда қаласы, 2021 ж.**

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. «Korkyt Ata Endowment» Корпоративтік қоры, мәтінде бұдан әрі Қор деп аталады, осы Жарғыда көзделген мақсаттар мен міндеттерге жету үшін жасалған әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білімдік және басқа қоғамдық-пайдалы мақсаттарды ұстанатын, мүліктік ерікті жарналар негізінде ерікті, үкіметтік емес, коммерциялық емес заңды тұлға болып табылады және оның қызметінен табыс табу мүмкіндігіне жол берілмейді.

Қор заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 16.01.2001 жылғы №142-ІІ «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық және нормативтік актілеріне, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүргізеді.

### **1.2. Қордың құрылтайшысы:**

1.2.1. "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" Коммерциялық емес Акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қызылорда облыстық Әділет департаменті 01.07.2020 жылы берген заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама).

1.3. Қор Құрылтайшысы мен қызметкерлері арасында олардың табыстары ретінде бөлу үшін пайда табуды өз қызметінің мақсаты тұтпайтын заңды тұлға болып табылады. Қор қызметінің нәтижесінде табыс алынған жағдайда, ол жарғылық мақсаттарды іске асыруға жіберілуі тиіс, Қор мүліктерді өзінің Жарғысында белгіленген мақсаттарға пайдаланады. Қор қоғамдық пайдалы мақсаттарға жету үшін құрылған және сол мақсаттарға сай келетін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқылы. Қор жыл сайын өз мүліктерінің пайдаланылуы туралы ресми баспасөз басылымдарында жариялауға міндетті.

1.4. Қор өз Жарғысы мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқығын иеленеді. Қордың өз теңгерімі, мөрі, мөртаңбасы және мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы жазылған бланкісі, есептік, валюталық және басқа шоттары болады, толық шаруашылық дербестік, қолданыстағы заңнамалықты және Құрылтайшы алдындағы міндеттемелерін қатаң сақтау қағидаларымен әрекет етеді.

1.5. Қор өз қызмет бағытын, экономикалық, техникалық және әлеуметтік даму стратегиясын өз бетінше айқындайды.

1.6. Қор мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар иеленіп, міндеттер ала алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

1.7. Қор Жарғыға сәйкес меншік иесі құқығымен өз мүліктерін иеленеді, пайдаланады және басқарады.

1.8. Қор Қазақстан Республикасы мен шет елдерде өзінің өкілдіктері мен филиалдарын аша алады. Қордың Қамқоршылық кеңесімен бекітілген Ережелерге сәйкес өкілдіктер мен филиалдар Қор атынан әрекет етеді.

1.9. Қор өз міндеттемелері бойынша заңмен өндіріп алу ұйғарылуы мүмкін мүліктерімен жауап береді.

1.10. Қор Құрылтайшысының міндеттемелеріне Қор жауап бермейді. Қор Құрылтайшысы Қор міндеттемелеріне жауап бермейді.

#### 1.11. Қызмет нысаны мен мақсаттары

Қор қызметінің мақсаты азаматтық қоғамды дамыту, жастар, азаматтар мен ұйымдарға әлеуметтік қолдау жасау және қорғау, сондай-ақ «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамды қаржылық нығайту, білім алушылар, оқытушылар мен түлектерді әлеуметтік қорғау және әл-аухатын арттыру болып табылады.

Қор қызметінің нысаны болып табылады:

- білім, ғылым, мәдениет және спорт салаларында мақсаттарға жету;
- жастар саясаты мен жастар бастамаларын қолдау;
- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқу ғимараттары мен жатақханаларында материалдық-техникалық базаны нығайтуды дамытуға, оның ішінде университет аумағын абаттандыру, кітапхана қорын жаңарту, жайларды реконструкциялау және жөндеуге ықпал ету;
- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің білім алушыларына атаулы гранттар мен стипендиялар тағайындау;
- қайырымдылық жасау жұмыстарына қатысу;
- қайырымдылық шараларын ұйымдастыру, өткізу немесе өткізуге ықпал ету;
- Қазақстан Республикасының және қызметтері Қор мақсаттарына сай келетін шет елдердің оқу ұйымдарымен және мекемелерімен, қоғамдық бірлестіктерімен байланыстар орнатып, дамыту, олармен тәжірибелер алмасу;
- білім саласындағы коммерциялық емес жобалар мен бағдарламаларды жасауға және жүзеге асыруға ықпал ету;
- дамытушы семинарлар мен тренингтер ұйымдастыруда практикалық көмек көрсету;
- білім бағдарламалары мен ғылымды дамыту мақсатында шетелдік және отандық жетекші мамандарды тарту;
- Қор қызметіне қатысты гранттар алуға арналған бағдарламаларға қатысу;
- Қазақстан Республикасының заңнамалығымен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерімен айналысу.

### 1.12. Қорға қажет:

- Қазақстан Республикасының заңнамалығын, өзінің қызмет саласына қатысты көпшілік мойындаған нормалар мен ережелерді, сондай-ақ осы Жарғыда көзделген нормаларды қадағалау;

- жыл сайын өз қызметін жалғастыратыны туралы, басшы органның шынайы нақты мекенжайын көрсетіп, осы Жарғыны тіркеген органға хабарлап отыру;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалығына сәйкес талаптар мен мерзімдер бойынша үкіметтік емес ұйымдардың Мәліметтер базасы үшін өкілетті органға ақпараттар мен тиісті есептерді дер кезінде ұсыну;

- Қорды тіркеген органның сұранысы бойынша басшы органдардың шешімдері бар құжаттарды, сондай-ақ өз жұмысы туралы тоқсандық және жылдық есептерді ұсыну;

- жарғылық мақсаттарға жетуге және Қазақстан Республикасының заңнамалығын қадағалауға қатысты Қор қызметімен танысуға қорды тіркеген органдардың өкілдеріне ықпал ету.

### 2. Қордың тұрғылықты жері мен заңды мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29А.

#### 2.1. Толық атауы:

- қазақ тілінде: «Korkyt Ata Endowment» Корпоративтік қоры;
- орыс тілінде: Корпоративный Фонд «KorkytAtaEndowment»;
- ағылшын тілінде: Corporate Fund «KorkytAtaEndowment».

#### Қысқартылған атауы:

- қазақ тілінде: «Korkyt Ata Endowment» КҚ;
- орыс тілінде: КФ «Korkyt Ata Endowment»;
- ағылшын тілінде: CF «Korkyt Ata Endowment»

### 3. Қордың құрылымы, басқару органдарын қалыптастыру тәртібі және құзыреттері

#### 3.1. Қордың басқару органдары:

- жоғарғы басқару органы - Құрылтайшы;
- алқалық басқару органы – Қамқоршылық кеңес.
- атқарушы басқару органы - Директор;
- бақылау органы – ревизиялық комиссия, (ревизор).

#### 3.2. Құрылтайшының айрықша құзыретіне жатады:

- Қор Жарғысын бекіту;

- Қор Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- Қорды ерікті түрде қайта құру және тарату;
- Қорды басқару органдарының құзыреттерін, ұйымдық құрылымын, өкілеттіктерін қалыптастыру және тоқтату тәртібін анықтау;
- Қамқоршылық кеңес туралы Ережені бекіту;
- тұрақты жұмыс істейтін Қамқоршылық кеңесті және бақылау органын анықтау, олардың есептерін тыңдап, бекіту;
- Қамқоршылық кеңес қабылдаған кез келген шешімге тыйым салу және қажет болғанда өз шешімін қабылдау;
- Қор қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;
- Қордың басқа заңды тұлға құруға немесе қызметіне қатысуына шешім қабылдау;
- Қордың Қамқоршылық кеңесінің есебін қарау;
- жаңа қазыналық жылға ревизор, ревизиялық комиссия тағайындау немесе аудиторлық ұйымды тарту;
- Қордың қайырымдылық жасау бағдарламаларын бекіту;
- өткен жылға аудиторлық есепті қарау және бекіту;
- Қордың жарғылық қызметін, штаттық кестесін және лауазымды қызметкерлерінің мөлшерін қамтамасыз ету шығындарының сметасын бекіту;
- Қордың Қамқоршылық кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған басқа да мәселелер.

### 3.3. Қамқоршылық кеңес.

3.3.1. Қордың тұрақты жұмыс істейтін басқару органы Қамқоршылық кеңес болып табылады, ол Құрылтайшы анықтайтын кемінде 5 (бес) мүшеден тұрады, мерзімі - құрамды бір мерзімнен асырмай өзгерту құқығымен 3 жылға дейін. Қамқоршылық кеңес Құрылтайшыға есеп береді.

3.3.2. Қамқоршылық кеңес Төрағадан, хатшы мен мүшелерінен тұрады. Төраға үш жыл мерзімге сайланады және бір мерзімнен асырмай қайта сайлана алады. Төраға Қамқоршылық кеңестің отырысын жүргізеді. Қамқоршылық кеңестің отырысына Төрағаның қатысу мүмкін болмаған жағдайда, ол өзінің өкілеттіктерін Қамқоршылық кеңестің бір мүшесіне жүктейді. Төраға міндеттерін орындау мүмкін болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңестің мүшесі де өзінен өкілеттіктерді мерзімінен бұрын алып тастай алады.

3.3.3. Қордың Қамқоршылық кеңесінің кворумы, егер отырыста кемінде 3 (үш) адам қатысса, бар деп саналады. Егер Қордың Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілігі шешімге жақтап дауыс берсе, ол қабылданды деп есептеледі.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі өз өкілеттігін мына жағдайларда жояды:

- Қамқоршылық кеңестің шешімімен айқындалған қызметтік міндеттерін орындамау;
- Қамқоршылық кеңестің шешімдерін орындамау;
- Қамқоршылық кеңестің отырыстарына үш реттен аса дәлелді себепсіз қатыспау.

#### 3.3.4. Қамқоршылық кеңес келесі функцияларды жүргізеді:

- өз құрамынан Төраға, хатшы сайлау;
- Қор қызметінің жарғылық мақсаттарға сәйкестігіне бақылау жүргізу;
- Қор Құрылтайшысының шешімдерін орындауды қамтамасыз ету;
- мақсатты бағдарламаларды бекіту және қаржыландыру көздерін анықтау;

-Қор құрылымын, штаттық қызметкерлер санын, оның қызметкерлеріне жалақы төлеу мен материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету шарттарын, оны ұстап тұру шығындарын анықтау;

- халы

қаралық және шетелдік ұйымдармен байланыстар орнатып, қолдау жасау туралы шешімдер қабылдау;

- Қордың жыл сайынғы бюджетін бекіту;
- Директорды қызметке (атқарушы органның) тағайындау және босату;
- Қордың ішкі ережелері мен ішкі саясатын бекіту;
- Директор мен ревизордың есептерін қарау;
- Директордың функционалдық міндеттерді орындау жұмыстарына бақылау жасау;

- Қор жұмысын реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

- Қордың филиалдары мен өкілдіктерін құру және тарату туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

- Құрылтайшының айрықша құзыретіне жатқызылмаған басқа да мәселелерді қарау.

3.3.5. Қамқоршылық кеңестің отырысы кемінде жылына 1 (бір) рет өткізілуі тиіс. Қамқоршылық кеңестің шешім қабылдау бойынша басқа процедуралары Қордың ішкі ережелерімен анықталады;

3.3.6. Қамқоршылық кеңестің Төрағасы Құрылтайшының шешімдері негізінде және оларды орындау үшін әрекет етеді.

#### 3.3.7. Қамқоршылық кеңестің Төрағасы:

- Қордың Қамқоршылық кеңесін шақыру туралы шешім қабылдайды;
- Қамқоршылық кеңестің күн тәртібін қалыптастырады;
- Қамқоршылық кеңестің қарауына оның жұмыс жоспарлары туралы ұсыныстарды енгізеді;

- Қамқоршылық кеңестің отырысын жүргізеді;

- Қамқоршылық кеңестің отырысын рәсімдеуді қамтамасыз етеді және хаттамаға қол қояды;

- Қордың Қамқоршылық кеңесін Қордың басшы органдарында және мемлекеттік, қоғамдық, тағы басқа ұйымдарда білдіреді;

- Қамқоршылық кеңестің бақылау функцияларына жататын ұсынымдарын жүзеге асыруға бақылау жүргізеді;

- Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру және өткізу тәртібінің осы Жарғымен және Қамқоршылық кеңес туралы ережемен реттелінбеген мәселелерін анықтайды;

- Қамқоршылық кеңеспен өзіне жүктелген басқа да функцияларды орындайды.

### **3.4. Директордың құзыретіне кіреді:**

- Қордың ағымдағы қызметіне басшылық жасау және Қордың Қамқоршылық кеңесінің шешімдерін орындауды қамтамасыз ету;

- Қордың Қамқоршылық кеңесінің шешімдеріне сәйкес бұйрықтар мен өкімдер шығару;

- қызметкерлерді жұмысқа қабылдағанда еңбек шарттарын жасау және жұмыстан шығарғанда оларды бұзу;

- бекітілген смета шегінде Қордың мүліктері мен құралдарына басшылық ету;

- Қордың Қамқоршылық кеңесіне жылдық есепті ұсыну;

- Қорды жеке және заңды тұлғалармен өзара қарым-қатынаста сенімхатсыз білдіру;

- Қор қызметкерлері арасында міндеттерді бөлу, олардың өкілеттік көлемін анықтау, Қордың басқару аппаратының қызметкерлерін жұмысқа қабылдау және босату;

- Қордың Қамқоршылық кеңесімен өзіне жүктелген басқа да функцияларды орындау және Қор Құрылтайшысы мен Қамқоршылық Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылғандардан бөлек, қызметке қатысты барлық басқа мәселелерді шешу;

### **3.5. Ревизиялық комиссия (ревизор)**

3.5.1. Ревизиялық комиссия (ревизор) Құрылтайшымен алдын ала келісімнен кейін Қамқоршылық кеңеспен 1 (бір) жыл мерзімге тағайындалады.

3.5.2. Қордың қаржылық жылы аяқталғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде Ревизиялық комиссия (ревизор) Қазақстан Республикасының заңнамалығына сәйкес Қордың қаржылық операцияларына, оның ішінде қаржылық есептеріне тексеру жүргізеді.

## **4. Қор мүліктерінің қалыптасу көздері**

4.1. Қор мүліктерін негізгі және айналым құралдары, сондай-ақ басқа да мүліктер құрайды.

4.2. Қор өз қызметін жүргізу үшін жылжитын және жылжымайтын мүліктерді, материалдық және материалдық емес құралдар мен басқа да мүліктерді иеленуге құқылы.

4.3. Қор өзіне тиесілі құралдар мен мүліктерге қатысты өзінің белгіленген мақсаттары мен Қазақстан Республикасының заңнамалығына қайшы келмейтін кез келген операцияларды жүргізуге құқылы.

4.4. Қор мүліктері мен құралдары мыналардан қалыптасады:

- Қор Құрылтайшысының мүліктік жарналары;
- ерікті мүліктік жарналар мен қайыр көмектер;

- заңнамалықта белгіленген жағдайларда тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді іске асырудан түскен түсімдер (кірістер);

- жеке және заңды тұлғалармен қолма-қол және заттай ұсынылған арнайы бағыттағы қайырымдылық салымдар мен қайыр көмектер (қайырымдылық гранттар);

- мемлекеттік субсидиялардан;

- мемлекеттік гранттар мен сыйлықтар;

- қайырымдылық көмектер жинау бойынша қайырымдылық жасау науқандары нәтижесінде алынған кез келген қаражаттар;

- Қордың жарғылық мақсаттарына қайшы келмейтін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалығы тыйым салмаған басқа да түсімдер

4.5. Қор мүліктері мен қаражаттары Қормен қабылданған бағдарламаларға және басқару органдарының шешімдеріне сәйкес пайдаланылуы тиіс.

4.6. Қордың қаражаттары мен мүліктері Қордың жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін пайдаланылуы тиіс.

4.7. Қорға түскен қаражаттар Қазақстан Республикасы заңнамалығына сәйкес депозитке, акцияларға салына немесе инвестицияланаалады, немесе инвестициялаудың басқа құралдарына салына алады.

4.8. Құрылтайшылардан қаржылық және басқа құралдардың түсу тәртібі құрылтайшылық құжаттармен анықталады.

4.9. Қор, заңды тұлға ретінде басқа заңды тұлғаларды құруға және қатысушы болуға құқылы. Таза пайда табуды мақсат ететін заңды тұлғаға қатысқан жағдайда Қор осындай заңды тұлғаға қатысудан түскен барлық таза пайданы жарғылық қызметті жүргізуге жібереді. Қордың меншігінде ғимараттар, жайлар, жабдықтар, инвентарь, және осы Жарғыда көзделген қызметті қамтамасыз етуге қажетті басқа да мүліктер бола алады.

4.10. Қор құрылтайшысының Қор мүліктеріне мүліктік құқығы болмайды. Қордың кірістері оның Құрылтайшысына кіріс ретінде қайта бөліне алмайды және тек жарғылық міндеттерді орындауға пайдаланылады.

## **5. Есеп, есептілік және бақылау**

5.1. Қор өз қызыметінің нәтижелері бойынша бухгалтерлік, статистикалық есеп пен есептілік жүргізеді және құжаттамаларды бекітілген тәртіпте тиісті мемлекеттік органдарға ұсынады.

5.2. Қордың қаржылық жылы әр күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып, 31 желтоқсанында аяқталады.

5.3. Қордың Қамқоршылық кеңесі бухгалтерлік есептің тиісті қағидалары мен нұсқаулықтары тұрақты қадағалануына кепілдік жасауы тиіс.

5.4. Әр қаржылық жыл аяқталғаннан кейін Қор Құрылтайшысы тағайындаған тәуелсіз аудитор (ревизор) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес аудиторлық тексеру жүргізеді.

5.5. Есеп беруді ревизиялық комиссия (ревизор) дайындап, қол қоюы тиіс.

## **6. Іскерлік қызмет**

6.1. Қордың банктік шоты болады, оған Қазақстан Республикасынан барлық жергілікті және Қордың бөлімшелері, бөлімдері мен жобаларына барлық бюджеттік аударымдар жасалатын басқа елдерден шетелдік кірістер мен жарналар аударылады.

## **7. Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

7.1. Қор Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар Құрылтайшының шешімімен енгізіледі және бекітіледі.

7.2. Қор Жарғысына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар қорды тіркеу үшін көзделген тәртіпте мемлекеттік тіркеуге алынуға жатады және мемлекеттік тіркеуге алынған күннен бастап күшіне енеді.

## **8. Қорды қайта құру және қызметін тоқтату шарттары**

8.1. Қор қызметін тоқтату Құрылтайшының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасы заңнамалығында көзделген жағдайларда, қайта құру немесе тарату арқылы жасала алады, атап айтқанда:

- егер Қордың мүліктері оның мақсаттарын жүргізуге жеткіліксіз болса немесе қажетті мүліктерді алу ықтималдығы шындыққа жанаспаса;

- егер Қордың мақсаттарына қол жеткізілмейтін болса, ал оның мақсаттарына қажетті өзгертулер жасалына алмаса;

- Қордың қызметі Жарғыда көзделген мақсаттардан ауытқыған жағдайда.

8.2. Қорды таратуды Құрылтайшы тағайындауы тиіс тарату комиссиясы орындауы тиіс. Тарату комиссиясы тарату тәртібін және тарату жүргізу мерзімдерін, сондай-ақ кредиторлардың талап қою мерзімін белгілейді.

8.3. Тарату комиссиясы қажетті жұмыстарды жүргізуі тиіс, тарату теңгерімін жасау және оны тарату комиссиясын тағайындаған органға бекітуге ұсынуы керек.

8.4. Қор таратылған жағдайда ол құрған барлық ұйымдар тарату туралы шешім қабылдаған орган немесе тарату комиссиясы олардың әрі қарайғы қызметі туралы шешім шығарғанға дейін өз қызметін тоқтатады.

8.5. Қор таратылды деп, бұл туралы заңдытұлғалардың мемлекеттік реестріне тиісті жазба енгізілген сәттен бастап саналады.

8.6. Қордың қызмет процесінде пайда болған құжаттар, ол таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамалығына сәйкес сақталады және пайдаланылады.

## **9. Қор таратылған жағдайда мүліктерді пайдалану тәртібі**

9.1. Қорды таратқан кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік, егер заңнамалық актілермен өзге тәртіп көзделмесе, құрылтайшылық құжаттарда көрсетілген мақсаттарға жіберіледі.

## **10. Филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтер**

10.1. Қор Қазақстан Республикасының заңнамалығына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар құрып, өкілдіктер аша алады.

10.2. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болып табылмайды. Оларға Қордың мүліктері бөліп беріледі және Қамқоршылық кеңес бекіткен ереже негізінде әрекет етеді. Филиал мен өкілдіктердің мүліктері бөлек теңгерімде және Қордың теңгерімінде есепке алынады.

10.3. Қордың филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын Қордың атқарушы органы тағайындайды және сенімхат негізінде әрекет етеді.

10.4. Қор филиалдары мен өкілдіктері қызметін Қоратынан жүргізеді. Қор өзінің филиалы не өкілдігінің қызметі үшін жауапкершілік алады.

10.5. Қордың филиалдары мен өкілдіктері есептік тіркеуге алынуға жатады, ал атауы өзгерген жағдайда заңды тұлғаларды тіркеу туралы заңнамалыққа сәйкес қайта тіркелуге алынады.

## **11. Қорытынды ережелер**

11.1. Қор Жарғысына қатысты барлық реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамалығына сәйкес шешіледі.

тігiлi және  
түгелi  
10 парақ

Қызылорда облысының  
Әділет департаменті

Жарғы (архив) ТЕКСЕРІЛДІ